

Конкурстық комиссияның "Қазақалтын" акционерлік қоғамын сенімді басқаруға беру шешімін бекіту және шетел инвестицияларын тарту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 6 ақпан N 155

"Қазақалтын" акционерлік қоғамының қаржы-шаруашылық қызметін сауықтыру, инвестицияларды, озық технологияларды тарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақалтын" акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакетін "Gold Pool" қазақ-канада бірлескен кәсіпорнына сенімді басқаруға беру туралы конкурстық комиссияның шешімі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті:

"Қазақалтын" акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакетін басқару құқығына тендердің жеңімпаздары "Gold Pool" қазақ-канада бірлескен кәсіпорнымен контракт жасасын;

"Қазақалтын" акционерлік қоғамын "Алтыналмас" акционерлік қоғамының құрамынан белгіленген тәртіппен шығарсын;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасына Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан аталған контрактіге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Мүлікті басқару

жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі және "Gold Pool" қазақ-канада бірлескен кәсіпорны "Қазақалтын" акционерлік қоғамын инвестициялау және жекешелендіру бағдарламасын енгізсін.

4. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі "Қазақалтын" акционерлік қоғамына:

Тоқтар

Жолымбет

Бестөбе

Ақбейіт

Ақсу

Байлысты

Солтүстік Қарасу

Март

Солтүстік Байлысты
Степок
Кварцит төбелері
кеніштері;

"Қазақалтын" акционерлік қоғамының байыту фабрикалары мен кәсіпорындарының құрамында алтыны бар өңделмеген үйінділері мен қалдықтары бойынша лицензия ресімдесін.

"Қазақалтын" акционерлік қоғамының кәсіпорындарына резерв

камтамасыз ету мақсатында алтынға геологиялық барлау жасау үшін

2

"Gold Pool" қазақ-канада бірлескен кәсіпорнына 4 000 км алаң бөлініп, "Қазақалтын" акционерлік қоғамының жұмыс істейтін кәсіпорындарының ауданында оларға лицензия ресімделсін.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрі Г.Г. Штойкке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі